

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің м.а. 2019 жылғы 5
қарашадағы № 1224 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2019
жылғы 6 қарашада № 19558 болып
тіркелді

Министерство финансов Республики Казахстан

**«Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының
кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, 2014 жылғы 17 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:


көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

03 «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі» функционалдық тобында:

9 «Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер» функционалдық кіші тобында:

221 «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:



047 «Төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ төрелікке және сотқа дейінгі дауларды реттеу процесінде мемлекеттің мүдделерін қорғау және білдіру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуымен шетелде өткізілетін сот немесе төрелік талқылаулардың перспективаларын бағалау» бюджеттік бағдарламаның атауына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

04 «Білім беру» функционалдық тобында:

4 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру» функционалдық кіші тобында:

261 «Облыстың білім басқармасы» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

025 «Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 032 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

«032 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен»;

05 «Денсаулық сақтау» функционалдық тобында:

2 «Халықтың денсаулығын қорғау» функционалдық кіші тобында:

226 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

067 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 115 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

«115 Денсаулық сақтау ұйымдарының міндеттемелері бойынша кредиторлық берешекті өтеу үшін республикалық бюджет қаражатының есебінен Нұр-Сұлтан қаласының бюджетіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттері»;

9 «Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер» функционалдық кіші тобында:

339 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

023 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен денсаулық сақтау ұйымдарының міндеттемелері бойынша кредиттік қарызды өтеу» бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«023 Денсаулық сақтау ұйымдарының міндеттемелері бойынша кредиттік қарызды өтеу»;

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

06 «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» функционалдық тобында:

2 «Әлеуметтік көмек» функционалдық кіші тобында:

327 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

015 «Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

07 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» функционалдық тобында:

2 «Коммуналдық шаруашылық» функционалдық кіші тобында:

249 «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 007 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

«007 Қарағанды облысының бюджетіне жылумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері»;

341 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 012 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

«012 Тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру»;

3 «Елді-мекендерді көркейту» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 041 бюджеттік бағдарламасы бар 336 бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен толықтырылсын:

«336 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы

041 Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу»;

10 «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобында:

1 «Ауыл шаруашылығы» функционалдық кіші тобында:

212 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

269 «Ғылыми ұйымдарды жаңғырту үшін «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ жарғылық капиталын ұлғайту» бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«269 Ғылыми ұйымдарды жаңғырту үшін «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ жарғылық капиталын ұлғайту»;

2 «Су шаруашылығы» функционалдық кіші тобында:

207 «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

254 «Су ресурстарын тиімді басқару» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

101 «Су беруге байланысты емес трансшекаралық және республикалық су шаруашылығы объектілерін пайдалану және олардың техникалық жағдайын

мониторингтеу» бюджеттік кіші бағдарламаның атауына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

9 «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер» функционалдық кіші тобында:

212 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

264 «Облыстық бюджеттерге нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға кредит беру» бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«264 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға кредит беру»;

326 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы», 334 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» және 349 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша:

мынадай мазмұндағы 015 және 033 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 037 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

«037 Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

033 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт қаражатынан кредит беру есебінен»;

11 «Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» функционалдық тобында:

1 «Өнеркәсіп» функционалдық кіші тобында:

249 «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 086 және 087 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

«086 Машина жасау саласының жобаларын іске асыру мақсатында «Тобыл» ӘКК» ҰК» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту үшін Қостанай облысының бюджетіне нысаналы даму трансферттері

087 «ҚДБ-Лизинг» АҚ арқылы өндеу өнеркәсібі мен инфрақұрылым жобаларын лизингтік қаржыландыруды іске асыру үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның жарғылық капиталын кейіннен ұлғайтумен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту»;

мынадай мазмұндағы 029 бюджеттік бағдарламасы мен 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 266 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«266 Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы

029 Машина жасау саласының жобаларын іске асыру мақсатында «Тобыл» ӘКК» ҰК» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

12 «Көлік және коммуникация» функционалдық тобында:

5 «Темір жол көлігі» функционалдық кіші тобында:

249 «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

212 «Әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдаушының және вагондар (контейнерлер) операторының вагондарды сатып алуын несиелеуде немесе қаржы лизингінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«212 Әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдаушының және вагондар (контейнерлер) операторының вагондарды сатып алуын кредиттеуде немесе қаржы лизингінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау»;

9 «Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер»
функционалдық кіші тобында:

223 «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі
бойынша:

003 «Электрондық үкіметті», инфокоммуникациялық инфрақұрылымды
және ақпараттық қауіпсіздікті дамыту» бюджеттік бағдарламасының атауы
мынадай редакцияда жазылсын:

«003 «Электрондық үкіметті», инфокоммуникациялық инфрақұрылымды
және ақпараттық қауіпсіздікті дамыту»;

317 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік
басқармасы» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

009 «Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар
тасымалдарын субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламаларымен
толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

13 «Басқалар» функционалдық тобында:

1 «Экономикалық қызметтерді реттеу» функционалдық кіші тобында:

204 «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі» бюджеттік
бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

026 «Қазақстан Республикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу»
бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 101 бюджеттік кіші бағдарламасымен
толықтырылсын:

«101 Инвестициялар тарту үшін жағдай жасау»;

3 «Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау»
функционалдық кіші тобында:

243 «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

087 «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

117 «Өңдеу саласында қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау» бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«117 Кәсіпкерлердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау және кепілдік беру»;

9 «Басқалар» функционалдық кіші тобында:

243 «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

098 «Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығасыларды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«098 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығыстарды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»;

мынадай мазмұндағы 204 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

«204 Маңғыстау облысы бюджетіне облыстық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»;

249 «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

120 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«120 Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қаржы министрінің м.а.

Б. Шолпанкулов